

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы төртінші хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 3 шілдедегі № 260-VI ҚРЗ.

1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы 2017 жылғы 30 қарашада Минскіде жасалған төртінші хаттама ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

К.ТОҚАЕВ

**1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы  
ТӨРТІНШІ ХАТТАМА**

(2020 жылғы 11 ақпанда құшіне енді Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2020 ж., № 3, 12-құжат)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер

2000 жылғы 20 маусымда қол қойылған 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі принциптері туралы келісімді (бұдан әрі - Келісім) іске асыру тетігін жетілдіру қажеттілігін басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

Келісімнің 2-бабы мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Әскери мақсаттағы өнімнің бағалары әскери мақсаттағы өнімді жеткізетін (жұмыстарды орындағатын, қызметтерді көрсететін) Тараптың ұлттық қарулы күштер, өзге де әскерлер, әскери құралымдар, құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтер өз мүктаждары үшін сатып алатын әскери мақсаттағы өнімге баға белгілеуді реттейтін ұлттық заңнамасына сәйкес қалыптастырылады.

Егер әскери мақсаттағы өнімді әскери мақсаттағы өнімді жеткізетін Тараптың ұлттық қарулы күштері, өзге де әскерлері, әскери құралымдары, құқық қорғау

органдары мен арнаулы қызметтері өз мұқтаждары үшін сатып алмаса, онда әскери-техникалық ынтымақтастық субъектілері оның бағаларын әскери мақсаттағы өнімді жеткізетін Тараптың ұлттық қарулы күштерінің, өзге де әскерлердің, әскери құралымдардың, құқық қорғау органдары мен арнаулы қызметтердің мүддесіне орай жеткізулерді орындау кезінде әскери мақсаттағы өнімге баға белгілеуді регламенттейтін ұлттық заннамасына сәйкес қалыптастырады. Бұл ретте мұндай әскери мақсаттағы өнімді жеткізуғе осы Келісімнің әскери мақсаттағы өнімді жеңілдікті шарттармен жеткізуғе қолданылатын ережелері қолданылады.

Өнімді жеңілдікті шарттармен жеткізетін Тараптың уәкілетті органдары, қажет болған кезде, әскери мақсаттағы өнімді сатып алуға мүдделі Тараптың уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша әскери мақсаттағы өнімді жеткізуғе арналған келісімшарт (шарт) жобасы талаптарының Келісім ережелеріне, оның ішінде баға қалыптастыру жөніндегі ережелерге сәйкестігі туралы жазбаша растауды ұсынады".

## 2-бап

Осы Хаттама Келісімнің 14-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

2017 жылғы 30 қарашадағы Минск қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа данасы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығында сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

*Армения Республикасы үшін*

*Беларусь Республикасы үшін*

*Қазақстан Республикасы үшін*

*Қыргыз Республикасы үшін*

*Ресей Федерациясы үшін*

*Тәжікстан Республикасы үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК